

## Шығыс Қазақстан облысының әкімшілік-аумақтық құрылысына өзгерістер енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2006 жылғы 24 қарашадағы N 818 қаулысы және Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2006 жылғы 5 желтоқсандағы N 20/327-III шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2006 жылғы 21 желтоқсанда N 2436 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы"»Қазақстан Республикасы Заңы 6-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына, 27-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы"» Қазақстан Республикасы Заңының 8 және 11-баптарына сәйкес, Бородулиха аудандық мәслихатының 2005 жылғы 3 маусымындағы N 13-9 және әкімдігінің 2005 жылғы 22 ақпандағы N 1198 бірлескен шешімі мен қаулысы, Үржар аудандық мәслихатының 2005 жылғы 18 тамыздағы N 15-122-III, N 15-123-III және әкімдігінің 2005 жылғы 17 тамыздағы N 117, N 118 бірлескен шешімдері мен қаулылары негізінде Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** және Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Шығыс Қазақстан облысының әкімшілік-аумақтық құрылысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

Тұрғындардың көшіп кетуіне байланысты мынадай елді мекендер таратылсын және есепке алу мәліметтерінен шығарылсын:

1) Бородулиха ауданы бойынша Бакин ауылдық округінің Қазбек ауылы, Ленин ауылдық округінің II Бөлімше ауылы мен Раево ауылы, Новошұльба ауылдық округінің Сизиково ауылы, Новодворовка ауылдық округінің Матвеевка ауылы;

2) Үржар ауданы бойынша Ново-Андреевка ауылдық округінің Афанасьевка ауылы, Салқынбел ауылдық округінің Желдіқара ауылы.

2. Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2006 жылғы 1 ақпандағы N 16/226-III шешімі және Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2005 жылғы 23 қарашадағы N 385 қаулысы жойылсын.

3. Осы шешім мен қаулы 2006 жылғы 1 ақпаннан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Облыс әкімі*

*Облыстық мәслихаттың*

*хатшысы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК